

## **2022-2023 оку жылы бойынша «Әдебиет әлемі» үйірмесінің талдауы**

2022-2023 оку жылы бойынша «Әдебиет әлемі» үйірмесі аптасына 4 рет 156 сағат жүргізіледі. Оқу жылшының басында жылдық жоспар жасалып директорға бекітіп, сол тақырыптық жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Үйірменің басты мақсаты:

Оқушылардың сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинактау, жұмыста шапшаңдық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машиқтандыру.

“Әдебиет әлемі” үйірмесінде оқушылардың талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ой мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасап, сапалы шығарма мен мазмұндама жазуға бейімдейді. Оқушылардың казак тілі мен әдебиеті сабактарына деген қызыгушылықтарын арттырды десем де болады. Атап айтсақ Қасым Аманжоловқа арнап “Даланың дара дауылпазы” әдеби кеш және Ахмет Байтұрсыновқа арналған “Ұлт ұстазы” атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелде оқышылар білімдерін ортаға салып ұлт жанашырының шығармашылығын талқылады. Алаш қайраткерінің көптеген еңбектерімен танысып, талдады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдерімен бірлесе отырып жыл сайынғы дәстүр бойынша Мұқағали Макатаевтың туылған күніне орай 9-ақпанда “Мұқағали мәңгілік ғұмыры” атты әдеби кеш ұйымдастырылған болатын. Кеште оқушылар ақынның өмірі мен шығармашылығымен танысып, өлеңдері мен әндерін накыныша келтіріп шырқады. Сонымен қатар оқушылар кітапханамен үнемі байланыста. Әдеби кітаптарды оқып талқылағанды жақсы көреді. Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай “Алаштың сөнбес жұлдызы” атты әдеби кеш өткізілді. Кештеге оқушылар белсене қатысып, көріністер қойып, өлеңдерін оқыды.



Жыл бойы оқушылар ақындардың өлеңдерін жаттап, жазушылардың шығармаларын оқыды. Мектеп оқулығынан тыс көптеген тың деректермен таныса білді. Жалпы оқушылардың деңгейі бірдей болмағандықтан көбіне сабакқа қатыспайтын оқушылар да болды. Жыл сонында үйірмеге жақсы қатысатын, белсенді оқушылар марапатталды.

Үйірме жетекшісі:  А.К Оспанова